



**«Біртұтас тәрбие – Адал Азамат» тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында
«Музыкалық жанұя» отбасылық ансамбльдерге арналған облыстық музыкалық
байқауды өткізу ережесі**

1. Жалпы ереже

- 1.1. Облыстық «Музыкалық жанұя» байқауы (бұдан әрі – Байқау) «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында өткізілуде.
- 1.2. Облыстық «Музыкалық жанұя» байқауы балалар мен ата-аналарға музыкалық білім беру арқылы негізгі отбасылық құндылықтарды дамытуға бағытталған.
- 1.3. Осы ереже байқауды өткізу мақсаттарын, міндеттерін, тәртібі мен шарттарын анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – балалар мен ересектердің бірлескен музыкалық іс – әрекетке деген қызығушылығын ояту, отбасының жағымды имиджін қалыптастыру, музыкалық шығармашылық арқылы отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді дамыту және насихаттау арқылы ата-аналардың назарын «Музыкалық жанұя» жобасына аудару. Бірлескен музыкалық іс-шаралар арқылы ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту. Отбасылық дәстүрлер аясында ұлттық музыкалық мәдениетке қызығушылықты дамыту.

3. Байқаудың міндеттері

- 3.1. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасылық музыкалық таланттарды анықтау және ынталандыру.
- 3.2. Отбасының шығармашылық және мәдени әлеуетін көтеру.
- 3.3. Өзіндік отбасылық шығармашылық ұжымдарды қолдау, отбасылық әуесқойлық шығармашылығы саласындағы жетістіктерді насихаттау, тәжірибе алмасу.
- 3.4. Отбасының бос уақытын ұйымдастыру саласындағы жаңашылдық шығармашылық жобаларды қолдау.

4. Байқауды өткізу уақыты мен орны

4.1. Байқауды ұйымдастырушы – М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы Павлодар облысы Білім беру басқармасының қолдауымен.

Өткізу күні мен уақыты: 2025 жыл 14 қараша, сағат 10.00.

Өткізу орны: М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы, үлкен зал.

Өтініш беру мерзімі: 2025 жылдың 20 қазаны мен 10 қарашасы.

Марапаттау рәсімі 2025 жылдың 14 қарашасында М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының үлкен залында байқау аяқталған соң өткізіледі.

5. Байқауды басқару

5.1. Байқауды өткізу үшін М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының ұйымдастыру комитеті осы мақсатқа қажетті мамандарды тарта отырып, жұмыс тобын құрады,

мәдениет және өнер саласының мамандарынан құрылатын қазылар алқасының құрамын бекітеді.

6. Байқау номинациялары

6.1. «Музыкалық отбасы» (музыкалық аспаптарда ойнау).

6.2. «Әнші отбасы» (вокалдық музыканы ансамбльдік орындау).

7. Байқауды өткізу шарттары

7.1. «Музыкалық жанұя» байқауына отбасылық шығармашылық ұжымдар қатыса алады.

Отбасылық ансамбль мүшелерінің саны мен жасына шектеу қойылмайды.

7.2. Байқауға қатысушылардың репертуарында бір шығарма болуы мүмкін:

- халық музыкасы (фольклор, салт-дәстүр мен ұлттық мерекелердің үзінділері);
- қазақ, орыс және шетел композиторларының музыкасы (классикалық, заманауи) немесе өзі шығарған шығармалар.

Бір отбасының қойылымының ұзақтығы 5 минуттан аспайды.

7.3. «Музыкалық жанұя» отбасылық ансамбльдерге арналған облыстық музыкалық байқауға қатысуға өтінім және фонограмма 2025 жылдың 10 қарашасына дейін hud_otdel2018@mail.ru электронды поштасына жіберілуі қажет.

8. Қатысушыларды мадақтау және марапаттау

8.1. Байқауға қатысушылардың өнерін білікті қазылар алқасы бағалайды.

Қазылар алқасы келесі критерийлер негізінде әр номинация бойынша 10 балдық жүйе бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

- кәсіби және көркемдік деңгейі;
- костюмдер мен сахналық бейнелеу;
- репертуар тандау;
- түпнұсқалық.

8.2. Қазылар алқасы «Музыкалық жанұя» байқауының қорытындысын шығарып, лауреаттард дипломдармен марапаттайды: Бас жүлде «Гран-при», I, II, II дәрежелі, сонымен қатар номинация бойынша дипломдар.

Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді, оған барлық қазылар алқасының мүшелері қол қояды және қайта қарауға жатпайды.

8.3. Қазылар алқасы қосымша номинациялар бойынша арнайы жүлделерді белгілеуге құқылы:

- «Аранжировканың түпнұсқалығы үшін»;
- «Отбасылық ансамбльдің төл құрамы үшін»;
- «Байқаудың ең жас қатысушысы»;
- «Ең тату отбасы»;
- «Әнші отбасы»;
- «Ең үлкен қатысушы»;

- «Отбасылық дәстүрлерді белсенді насихаттау үшін».

БАЙЛАНЫСТАР

Мекен-жайымыз: Павлодар қаласы, Мәшһүр-Жүсіп көшесі, 27, «М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК.

Байқау кураторы: Калтаева Жанара Каирбековна

Анықтама телефоны.: 32-85-09, 87719994413

№1 қосымша

«Музыкалық жанұя» отбасылық ансамбльдері облыстық музыкалық байқауға қатысуға өтінім

Отбасы (аты-жөні)

НОМИНАЦИЯ _____

Нөмір атауы _____

р/с	Аты-жөні	Отбасы мүшелері	Туған жылы	Эл. мекен-жайы
1				
2				
3				
4				

Отбасы өкілінің аты-жөні және байланыс телефоны